

ЖШС «Ескендір 07», «Ескендір» бөбекжайы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие

Тақырыбы: «Абайдың асыл мұрасы»



MADE WITH
**Scanner
App**



Білім беру саласы: Әлеуметтік-эмоционалдық тәрбие, тіл дамыту

Жас тобы: Ересек топ

Мақсаты:

Балаларды Абай Құнанбайұлының қара сөздері мен өсиеттері арқылы адамгершілікке, еңбекке, білімге, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Білімділік: Абайдың «ақыл, білім, еңбек» туралы ойларын қарапайым түсінікпен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Жақсы мен жаман әдетті ажырата білуге, әдептілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Абай портреті, қара сөздерден үзінді (қарапайым), мақал-мәтелдер, смайликтер.

Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады.

Тәрбиеші:

Армысың, күн ана!

Армысың, жер ана!

Армысың, достарым!

Қуанышқа толсын күн!

Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

— Балалар, бүгін біз дана адам туралы білеміз. Ол кім екенін жұмбақтан табайық.

«Қазақтың ұлы ақыны, өлең жазған, ақыл айтқан кім?»

Балалар жауабы.

Тәрбиеші қорытындылайды:

— Дұрыс, ол Абай ата.

Әңгіме

Тәрбиеші қарапайым тілмен түсіндіреді:

Абай ата балаларға:

- білім үйрену керек дейді
- өтірік айтпау керек дейді
- еңбек ету керек дейді
- жақсы адам болуды үйретеді

«Абайдың нақыл сөздері» (жеңілдетілген түрде)

- «Еңбек етсең – емерсің»
- «Білім – жарық»
- «Жақсы сөз – жүрекке жылу»

Балалар қайталайды.

Дидактикалық ойын

«Жақсы ма, жаман ба?»

Тәрбиеші айтады:

- Кітап оқу – ? (жақсы)
- Өтірік айту – ? (жаман)
- Көмектесу – ? (жақсы)
- Ұрысу – ? (жаман)

Балалар қол шапалақтайды немесе тоқтайды.

Сергіту сәті

Біз өсеміз, өсеміз,
Білімді боп жетеміз.
Абай ата сөзімен,
Жақсы адам боламыз!

Шығармашылық жұмыс

«Мен жақсы бала боламын» сурет салу

Балалар:

- көмектесу



Хамза Есенжанов атындағы
Батыс Қазақстан облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасы



АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Мариямова Мазура

Сізге қазақтың ұлы ақыны хакім Абайдың туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ұлы халықтың - ұлы Абайы» атты мерекелік шараға белсене қатысқаныңыз үшін, рухани әлемнің дамуына қосқан зор үлесіңіз үшін алғыс білдіремін.

Сіз күнделікті еңбегіңіздің арқасында жас ұрпақтың білімге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеп, рухани әлемнің дамуына зор үлес қосып келесіз!

Кітап пен кітапхананы бағалайтын шәкіртіңіз көп болсын, еңбекте абыройыңыз асқақтай берсін. Отбасыңыз аман болып, жанұя бақытына кенеле беріңіз!

Кітапхана директоры

Амангалиева



Амангалиева

Орал - 2025 жыл



MADE WITH
Scanner
App

